

2023-2024 оқу жылындағы 3 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілген жұмыстар туралы ЕСЕП

3 «Ә» сыныбының ата-аналар комитетінің құрамында 7 ата-ана бар. 2023-2024 оқу жылында 3 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен оқу-тәрбие үрдісін жақсарту және балалардың оқуы мен дамуына қолдау көрсету мақсатында жұмыстар жүргізілді. Атқарылған жұмыстың негізгі тұстары:

Байланыс. Ата-аналармен жеке кездесулер, жедел хабар алмасу және телефон қоңыраулары арқылы ашық және сенімді қарым-қатынас орнатылды. Ата-аналарға балаларының мектептегі қазіргі жетістіктері мен проблемалары туралы жүйелі түрде хабарланып отырылды.

Ата-аналар жиналысы. Балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерін талқылау үшін ата-аналармен кездесулер ұйымдастырылды. Кездесулерде өзекті тақырыптар:

- «Баланың бойындағы жауапкершілікті қалай оятамыз?»;

- «Орфографиялық қырағылықты дамыту»;

- «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі»;

-«Жазды пайдалы өткізейік!» талқыланып, балалармен қарым-қатынас жасау және олардың оқуын қолдау бойынша ұсыныстар айтылды.

Сонымен қоса, 3 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналары оқу жылының барысында мектебімізде ашылған «Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету» клубының жоспарына сәйкес өткізілген жиналыстар мен кездесулерге тұрақты түрде қатысып жүрді.

Жеке консультациялар. Ата-аналарға балаларының оқуына және мінез-құлқына қатысты жеке сұрақтар мен алаңдаушылықтарды талқылауға мүмкіндіктер берілді. Консультациялар барысында ата-аналарға жағдайды жақсарту бойынша кеңестер мен ұсыныстар берілді. «Көру қабілетін қалай сақтауға болады?» жадынамасы таратылды.

Мектептегі іс-шараларға қатысу. Ата-аналарды ашық сабақтарға, іс-шараларға және концерттерге шақырылды. Сынып оқушыларының ата-аналарымен «Жадыны жаттықтырайық!» тақырыбында тренинг өткізілді. Ата-аналарды сынып өміріне белсенді қатысуға ынталандырып, іс-шараларды ұйымдастыру және оқу жобаларына көмектесуге шақырылды. Мамыр айында 3 «Ә» сынып оқушыларының әкелерімен бірлесе отырып, «Әкем және мен» спорттық сайысы өткізілді.


Кері байланыс. Ата-аналар мектеп жұмысын жақсарту бойынша өз тілектерін, ескертулері мен ұсыныстарын айта алатындай мүмкіндік беру мақсатында кері байланыс механизмі ұйымдастырылды. Бұл ата-аналардың пікірлерін ескеріп, оқу жағдайын жақсарту бойынша бірлесіп жұмыс жасауға мүмкіндік берді.

Нәтиже. Тоғыз ай бойы ата-аналар сынып ұжымының барлық мәселелерінде тұрақты көмекшілер болды. 3 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен жүргізілген жұмыстардың арқасында мектеп пен отбасы

арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік туып, балалардың ойдағыдай білім алуына, тәрбиесіне ықпал етті.

Қорытынды. 3 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналарымен оқу жылында жүргізілген жұмыс нәтижелі болды және балалардың дамуына қолайлы білім беру ортасын құруға мүмкіндік берді. Ата-аналармен үздіксіз ынтымақтастық оқушыларға сапалы білім мен тәрбие берудің маңызды аспектісі болып қала береді.

Сынып жетекші:



Ажибаева А.С.